

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАНЫ ҚОЛДАНУ СОТ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ РЕТІНДЕ

Утенова А.А.

В данной научной статье рассмотрены теоретические вопросы уголовного наказания как особого вида правоприменения и исключительное полномочие судебных органов.

This article looks through the theoretical questions of penalty as the basic kind of law and also some problems of definition in law process

Қазіргі таңда қоғамды толғандырып отырған мәселелердің қатарында қылмыстылық және онымен күрес мәселесі аса маңызды болып табылатындығы айқын. Қазақстан Республикасы өзін егемен мемлекет ретінде қалыптастыра отырып аса маңызды және көлемді әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық реформаларды жүзеге асыруға міндетті болды. Қоғамдық қатынастарды әділетті реттеу және жеке алғандағы әрбір қоғам мүшесінің құқықтары мен бостандықтарын нақты қамтамасыз ету, өзін құқықтық деп санайтын немесе өзін осындай мемлекет ретінде орнықтырғысы келетін мемлекет үшін ең басты міндет болса керек.

Қоғамдық қатынастарды реттеу барысындағы өзінің міндеттерін мемлекет талапқа сай атқара алмаса, жеке тұлғаның негізгі құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қайшы, соның ішінде қылмыстық қол сұғушылықтан тиімді түрде қорғай алмаса қоғамда келеңсіз процестердің белең ала бастайтындығы түсінікті жағдай. Қоғамдық қатынастардың даму барысының тұрақтылығы, біркелкілігі көптеген факторларға тікелей байланысты. Олар өз кезегінде экономикалық, әлеуметтік, саяси, ұлттық-діни болуы мүмкін. Берілген мемлекеттің өзіндік ерекшеліктеріне сай аталған факторлардың біреуі өз кезегінде шешуші рөл атқаруы, кейде олардың әрқайсысының, келесі фактордың негізгі қозғаушысы болуы да табиғи нәрсе.

Қоғамдағы қылмыстың алдын алудағы әралуан жүйелердің арасында шешуші рөл, әлеуметтік – экономикалық, ұйымдастырушылық пен басқару, идеологиялық, құқықтық және мәдени – тәрбиелеушілік сипаттағы шараларға беріледі. Алайда қылмыстық заң бұзылған кезде, яғни жасалған қылмыспен күресте жаза, қоғамды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғаудың қажетті құралы ретінде сақталып қалады. Қылмыстық жазалау мәселесі қылмыстық құқық ғылымындағы аса күрделі де маңызды мәселе болып табылады. Қазақстандық заңгер-ғалым Н. Дулатбековтың айтуынша қылмыстық құқықтың «толғақты бір буыны – жаза, жаза тағайындау мәселесінің... әлі күнге нақтылы жауабын таппай, талқыдан түспей келе жатқаны ақиқат.[1]

«Құқықтық жаза қаскөйлікке қарсы жеке реакция ретінде емес, қоғамдағы адамдардың қайырымдылық және зұлымдық туралы өздерінің түсінігіне сай түрде қоғамдық өмірдегі тұрақтылықты сақтау үшін бекітілген келісім шарты ретінде көрініс береді. Құқық қоғамда дербес еріктің көрініс беруі үшін шекараны бекіте отырып тиісті яғни, рұқсат етілген жүріс-тұрыс туралы жалпы түсініктермен жекелеген әрекеттердің сәйкессіздігіне тәуелді түрде кінәлілік пен жазаның шамасын айқындайды. Ендеше жазалаудың кек алудан айырмашылығы ол қоғамдық

шартталған қылмыстың салдары бола отырып жаза мен қылмыстың қажетті байланысын олардың ішкі байланысын анықтайды».[2]

Қазіргі замандағы жазаға байланысты қылмыстық саясат екі негізгі бағытта жүргізіледі. Бірінші – қатаң жазаның сақталуы және қажет болған жағдайда оларды қылмыскер рецидивистерге және ауыр қылмыстарға кінәлі адамдарға қатысты күшейту. Екінші бағыт – қоғамдық қауіптілігі төмен немесе онша ауыр емес қылмыстарды бірінші рет жасауда кінәлі адамдарға қатысты жазаны жеңілдету немесе жазаны, ондай адамдарға ықпал етудің өзге шараларымен ауыстыру.

Жаза норма шығармашылық және құқық қолданушылық қызметінде заңдылық, гуманизм, демократизм және жауаптылықты дербестендіру қағидаларымен қатаң сәйкестікте жүзеге асырылуы тиіс екендігін айта кеткен жөн. Классикалық түсінігінде қылмыстық жазаға төмендегідей анықтама беріледі.

«Жаза – бұл қылмыстық заңмен қарастырылған, қылмыс жасаған адамға соттық айыптау үкімі арқылы қолданылатын жазаға тартылған адамның құқықтарын және бостандықтарын шектеуден тұратын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы».[3] Ендеше, жаза әрдайым мәжбүрлеу шарасы болып табылады. Кез-келген қылмыстық жазаның өзіндік жапа шектіру ерекшеліктері де осыдан көрініс табады. Сотталған қылмыскердің жеке басының еңбек және мүліктік құқықтарын шектеуден жазаның жапа шектірушілік қасиеттерін байқауға болады. «Жағымсыз салдардан «жапа шегуден» қорқу – жазаның барлық жұмысын жүзеге асыратын тетік, міне осы».[4]

Қазақстандық белгілі заңгер-ғалым Д.С. Чукмайтов рецидивтік қылмыстардың алдын алу мақсатында қылмыстық жазаны қолдану мәселесін зерттей келе «өкінішке орай кез-келген жазаның мазмұнын сотталған адамды әлдеқандай құқықтар мен бостандықтардан айыру мен шектеуден көрініс табатын жапа шектіру болып табылатындығын мамандардың барлығы бірдей мойындай бермейді... Нәтижесінде практикалық қызметкерлер мен ғалымдар арасында әсер етудің қылмыстық-құқылық шаралары жүйесіндегі қылмыстық жазаның орнын анықтауда кереғар пікірлер қалыптасады... Жазаның анықтамасынан оның өзегі болып табылатын және оны басқа қылмыстық-құқылық шаралардан ажырататын маңызды құрылымдық элементі жасағаны үшін жапа шектіруді алып тастауға болмайды. Әр нәрсені өз атауымен атай отырып, тек аталған элемент қарастырылатын қылмыстық-құқылық шараларды ғана жаза қатарына жатқызуға болады»-деп атап көрсеткен.[5] Алайда, біздің ойымызша, жапа шектіруді қылмыстық жазаны қолданудың бірден-бір мақсаты ретінде түсінбеуіміз керек.

Сонымен бірге осы жапа шектіру мәселесі төңірегінде біздің пайымдауымызша белгілі-бір терминологиялық қателік бар. Себебі орыс тілінде ол «кара» деп беріледі егер біз оны жапа шектіру деп қолданатын болсақ, онда оның семантикалық сәйкессіздігіне тап болатын сияқтымыз. Жапа шегу ұғымын қазақ тілінде жәбірленушіге де қатысты қолданатын болсақ, онда біз шындықтан алыстап кетпейтін болармыз. Сондықтан жазаның жапа шектірушілік белгісіне қатысты қазақ тілінде қазіргі уақытта көп қолданыла бермейтін бірақ та «кара» сөзінің мағынасын дәл беретін «зауал» сөзін қолдану осы мәселе төңірегіндегі анықтылыққа себебін тигізер еді деп ойлаймыз. Дегенмен де терминология мәселесінің басын әзірге ашық қалдыра тұрайық.

Жазаның жапа шектіруі нәтижесінде ол объективті түрде және сөзсіз қылмыскерге және айналасындағы адамдарға психикалық ықпал етеді, жалпы және арнайы превентивті яғни, алдын-алу ықпалын тигізеді. Себебі, қылмыскерде, өзге

тұлғаларда жаза арқылы жапа шегуге ұшырағысы келмейді. Әрине, қылмыстық жазаның белгісі бір тұлғаға қолданылуы ол адамның одан кейін ешқандай қылмыс жасамауына әсте кепілдік бермейді. Дегенмен де жазалардың қандай жүйесі қабылданып, олар қалай қолданылса да жаза әрқашан алдын алушылық ықпалын тигізген және тигізеді. Себебі қоғам мүшелерінің белгілі бір көпшілігі қылмыстық жазалаудан қорыққандықтан қылмыс жасаудан бас тартады. «Жаза өзінің ұғымы бойынша жапа шектіру бола отырып ізгілікті мақсаттар- сотталғандарды түзету және қайта тәрбиелеу, сотталғандардың жаңа қылмыстар жасауына жол бермеу (арнайы сақтандыру), өзге тұлғалардың қылмыс жасауына жол бермеуді (жалпы сақтандыру) көздейді»-деген көзқарас ғалымдар арасында кең таралған.[6] Сонымен бірге қылмыстық жазаның аталған мақсаттарының заңнамалық негізде бекітілгендігін атай кетсек артық болмас.

Қылмыстың алдын алу үшін мемлекетпен алынатын шаралар шеңбері тек жазалау шараларымен салыстырғанда әлдеқайда кең. Олардың арасында жаза сипатына ие болмайтын мәжбүрлеу шаралары бар (медициналық, тәрбиелік). Мәжбүрлеу шаралары болып табылмайтындардың қатарына қылмыстың әлеуметтік себептерімен күрес шараларын жатқызуға болады. Мысалы, салауатты өмір салтын насихаттау, маскүнемдікпен, нашакорлықпен күресу саясатын жүзеге асыру т.б. Қоғаммен қолданылатын қылмыстылықпен күрес шаралары кей реттерде мәжбүрлеу шаралары бола отырып ешқашан да жазалау шаралары болып табылмайды.

Егер де қылмыстың жасалуының алдын алу үшін қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары жапа шектірмейтін болса ол жазалау шарасы болып табылмайды, ол тәрбиелеу сипатындағы немесе қауіпсіздік шарасы болуы мүмкін. Атап айтқанда, олардың қатарына қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерді жасаған кәмелетке толмағандарға қарсы қолданылатын тәрбиелеу шараларын жатқызуға болады. Егер мәжбүрлеу шарасында теріс баға беру болса және ол қоғамдық қауіпті іс-әрекеттердің алдын алу мақсатын көздесе, бірақ міндетті түрде жапа шектіруі тиіс деген ұғым қалыптаспуы керек. Егер мәжбүрлеу шарасында теріс бағалау элементі болмаса ол да жазалау шарасы болып табылмайды. Ондай шаралар қатарына есі дұрыс еместерге қолданылатын медициналық мәжбүрлеу шараларын жатқызамыз.

Мемлекетпен қолданылатын мәжбүрлеу шаралары қоғамға қауіпті іс-әрекеттер үшін қолданыла отырып келесі талаптарға жауап бергенде ғана жазалау шаралары болып табылады: 1) кінәліге жапа шектіреді; 2) кінәліге және оның іс-әрекетіне мемлекет атынан теріс баға беріледі; 3) кінәлі адамның және басқа тұлғалардың болашақта қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жасауының алдын алу мақсатын көздейді.[7]

Яғни жапа шектіру мен тәрбиелеу жазаның мазмұны болып табылады. Тек аталған екі элементтің болуы барысында ғана біз жаза туралы айта аламыз. Егер жапа шектіру тәрбиелеумен толықтырылмаса немесе тәрбиелеу жапа шектірусіз қолданылатын болса онда аталған жағдайдың екеуінде де жаза болмайды. Жаза өзінің мазмұны бойынша жапа шектіру бола отырып ол қорқытуды туындатады, себебі жапа шектіру элементіне ие болғандықтан адамды бірнәрседен айыруға ұшыратады. Сонымен бірге жаза тәрбиелеу бола отырып көз жеткізуді туындатады ол жазаның нәтижесінде адамның жүріс-тұрысының белгілі бір түріне және қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған тұлғаға теріс баға берілуі арқылы пайда болады.

Егер жазаны қолдану барысында оның тәрбиелік мәні жоғалатын болса онда одан тек қорқыту ғана қалады. Жапа шектіру тек өздігінен енді жаза болып табыла алмайды, себебі ол жазаның қоғам алдында тұрған, басқаша айтқанда оның оған қоғам сенім білдіретін міндеттерді атқару қабілеті жоғалады. Сондықтан жазаны қолдану заңды және ізгілікті болуы тиіс.

Енді қылмыстық жазаның құқықты қолданудың ерекше түрі ретіндегі теоретикалық мәселелеріне тоқталайық. Құқықтың әлеуметтік мәнісі адамдардың жүріс-тұрысын реттеуден көрінетіні белгілі. Алайда, мемлекетпен бекітілген құқықтық нормалар өзінің реттеуші рөлін оларды жүзеге асырудың күрделі механизмінсіз атқара алмайды.

Құқық нормалар әртүрлі нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін. Олар негізінен бірқатар мән-жайлармен себептеледі: а) құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастардың мазмұны және сипатының әр алуан болуы; б) адамдардың жүріс-тұрысына құқықтың ықпал ету құралдарының әртүрлі болуы; в) құқық нормасы мазмұнының өзіндік ерекшелігі; г) әлдеқандай субъектінің құқықтық реттеудің жалпы жүйесіндегі алатын орны, оның заңи ережелерге көзқарасы; д) құқыққа сай жүріс-тұрыстың сыртқы көрінісінің нысаны.[8]

Субъектілердің іс-әрекеттерінің, олардың белсенділік деңгейі мен бағытталулары бойынша құқықты сақтау, орындау, пайдалану және қолдануды бөліп көрсетуге болады.

Жоғарыда аталғандардың алғашқы үшеуі олардың барысында заң нормалары қоғамдық қатынастар субъектілерінің әрекеттерімен тікелей жүзеге асырылғандықтан құқықты тікелей жүзеге асыру нысандары деп аталады. Құқық қолдану, оны жүзеге асырудың ерекше нысаны ретінде оқшауланады. Құқық қолдану дегеніміз құқықты жүзеге асыруға бағытталған мемлекет қызметінің бір нысаны болып табылады. Мемлекет өзінің қызметінде екі негізгі функцияларды жүзеге асырады: а) құқықтық нормалар ережелерінің орындалуын ұйымдастыру, дербес актілер көмегімен позитивті (дұрыс) реттеу; б) құқықты бұзылудан сақтау және қорғау. Құқық қолдану жүзеге асырудың ерекше формасы ретінде орындау, сақтау және пайдаланудан бірқатар сипаттық белгілерімен ажыратылады.

Біріншіден, құқық қолдану мемлекеттің ұйымдастырушы биліктік қызметі, ол арқылы қоғамдық қатынастардың әртүрлі субъектілерінің арасындағы өзара қатынастарға ұйымдасқан негіздерді қалыптастыру жолымен қоғамдық өмірді тәртіпке келтіру, белгілі бір мәселелерді шешу құзіретті органдардың қолына топтастырылады.

Аталған қызмет өмірдегі жағдайларды шешудің ерекше амалдарымен байланысты болғандықтан кәсіби білімді, тәлімді талап етеді. Осыларды ескере отырып мемлекет арнайы субъектілерді бекітіп, оларды осындай қызметті жүзеге асыру үшін биліктік өкілеттіктерге ие қылады. Егер қылмыстық қудалау мен қылмыстық жазаға тартуға байланысты айтар болсақ олардың қатарына сот, прокуратура, полиция сияқты органдарды жатқызуға болады.

Құқық қолданудың мақсаты – құқық қолданушылардың жеке басының қажеттіліктерін және тек құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырушы тұлғалардың қажеттіліктерін емес, бүкіл қоғамның қажеттіліктерін және мүдделерін қанағаттандыру болып табылады.

Екіншіден, құқық қолдану арнайы әдебиетте құқық-қолданушылық қатынастар деген атауға ие болған, нақты құқықтық қатынастар шеңберінде жүзеге асырылады.

Құқық қолдану субъектісі – Мемлекет арқылы тиісті құзіреттерге ие болған құқық қолданушылық қатынастарының белсенді қатысушысы, оған құқық қолдану актісінің көмегі арқылы нақты өмірдегі жағдайларды шешу бағытында негізгі рөл беріледі.

Үшіншіден, құқық қолдану қызметі ерекше, процессуалдық заңмен бекітілген нысанада жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы құқық тәртібі мен заңдылықты нығайтуға, жеке адамдардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді.

Қылмыс жасаған тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тарту барысында құқық қолдану процесі барынша күрделі болып табылады. Жалпы айтқанда құқық қолдану процесі үш негізгі сатыдан тұрады: а) істің оқиғалық негізін анықтау; б) істің заңи негізін анықтау; в) іс бойынша шешім қабылдау. Кейбір реттерде іс бойынша қабылданған шешімнің жүзеге асырылуын құқықты қолданудың төртінші сатысы ретінде қарастырады.

Нақты іс бойынша құзіретті органдардың шешімі бекітілетін құқық қолдану актісі, құқық қолдану қызметінің ресми нысаны және қортындысы болып табылады.

Ендеше соттың айыптау үкімі арқылы бекітілетін, тағайындалатын қылмыстық жаза да құқық қолдану қызметінің бір түрі және ол осыған құзіретті бірден-бір мемлекеттік орган сот арқылы жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылғандардан қылмыстық жазаның негізгі белгілерін анықтап оның құқықты қолданудың ерекше түрі ретіндегі сипаттарын тұжырымдауға болады.

Біріншіден, қылмыстық жаза – мемлекеттік күштеу шарасы ретінде қылмыстық заңмен ғана белгіленеді.

Екіншіден, мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретіндегі қылмыстық жазаны мемлекет атынан тек қана сот тағайындайды.

Үшіншіден, заңда көрсетілген тәртіппен сотталған адамды жазадан босату, сондай-ақ тағайындалған жазаны жеңілдету де сот арқылы жүзеге асырылады.

Төртіншіден, қылмыстық жаза жария түрде ашықтан-ашық тағайындалады. Қылмыстық жаза кінәлі адамға мемлекет атынан белгіленеді, жеке немесе лауазымды адамдар сот тағайындаған жазадан ешкімді де босата алмайды, заңды күшіне енген сот үкімі мемлекеттік, жеке кәсіпорын, ұйым, мекеме, лауазымды және жай адамдардың орындауы үшін Республика аумағында міндетті болып табылады.

Бесіншіден, мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары ретінде қылмыстық жаза қылмыстық заңда көрсетілген нақты қылмысты жасаған кінәлі адамға қолданылуы мүмкін. Жоғарыда айтылған теориялық тұжырымдарды нақтылайтын болсақ, сот үкімі арқылы қоғамға қауіпті қолсұғушылық жасаған адамды қылмыстық жазаға тарту мемлекеттің, атап айтқанда оның ерекше органы соттың заңи құзіретімен жүзеге асырылатын құқық қолдану қызметі болып табылады. Қылмыстық жазаның тек сот арқылы, мемлекет атынан қолданылуы оның қоғам өміріндегі маңыздылығын көрсетеді және сот органдарынан, жекелей алғанда әрбір судьядан орасан зор жауаптылықты талап етеді.

Әдебиеттер:

1. Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау (теория және практика мәселелері): монография. – Астана: «Фолиант», 2002ж. 5 бет.
2. Дулатбеков Н.О., Амандықова С.Қ., Турлаев А.В. Основы государства и права современного Қазақстана. Астана: «Фолиант»2000.-С.65-66
3. Советское уголовное право. Общая часть. М., «Юрид. Лит.», 1977.-С. 309
4. Барон ЭД. В. Розенберг. Необходимость целесообразного и экономного назначения меры наказания (призыв к коренной реформе уголовного наказания) Караганда: «Болашак-Баспа» 1998.- С.25
5. Чукмайтов Д.С. Применение уголовного наказания в целях предупреждения рецидивных преступлений.- Алматы: «Баспа»,1997.-С.139-140
6. Полубатская С.В. К вопросу о целях наказания//Проблемы совершенствования уголовного закона.-М., 1984.-С.99
7. Советское уголовное право. Общая часть: Учебник /Под ред. Г.А. Кригера, Н.Ф. Кузнецовой, Ю.М. Ткачевского – М, 1988.-С. 215
8. Теория государства и право: Курс лекции /Под ред Н.И. Матузова и А.В. Малько М.: Юристъ, 2000.-С. 453